

**"Қостанай қаласындағы аумақты көріктендіру, санитарлық тазалау, жасыл желектерді күтіп ұстау, қорғау және шығарып тастау ережелері" бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2003 жылғы 13 маусымдағы № 254 шешімі. Қостанай облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 30 маусымда № 2344 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2012 жылғы 23 ақпандағы № 27 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы мәслихатының 2012.02.23 № 27 шешімімен.**

**Ескерту. Атауындағы "мен Қостанай қаласын көріктендіру мәселелері жөніндегі комиссияның дербес құрамын" деген сөздер алынып тасталды - Қостанай облысы Қостанай қалалық мәслихатының 2008.10.30 № 131 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.**

**"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес Қостанай қалалық мәслихат**  
**Ш Е Ш Т І :**

**1 . Б е к і т і л с і н :**

Қостанай қаласындағы аумақты көріктендіру, санитарлық тазалау, жасыл желектерді күтіп ұстау, қорғау және шығарып тастау ережелері (қоса беріліп отыр) ;

Қостанай қаласын көріктендіру мәселелері жөніндегі комиссияның дербес құрамы (№ 1 қосымша қоса беріліп отыр).

2. "Қостанай қаласын көріктендіру, оның аумағында санитарлық тазалауды қамтамасыз ету және жасыл желектерді қорғау ережелері туралы" Қостанай қалалық мәслихатының 1998 жылғы 12 маусымдағы шешімінің күші жойылған  
**б о л ы п т а н ы л с ы н .**

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау қала әкімінің орынбасары В.А. Полешкоға және әлеуметтік мәселелері, білім, денсаулық сақтау мәселелері, жастар және спорт істері жөніндегі тұрақты комиссиясына (төрайымы С.Ж. Тілеуқенова) жүктелсін.

**С е с с и я т ө р а ғ а с ы ,**

**қалалық мәслихат хатшысы**

**Қ о с т а н а й қ а л а л ы қ**  
**м ә с л и х а т ы с е с с и я с ы н ы ң**

**Қостанай қаласының аумағын көріктендіру,  
санитарлық тазалау, жасыл желектерді күтіп ұстау,  
қорғау және шығарып тастау  
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Осы Ережелер Қостанай қаласында көріктендіру, оның элементтерін күтіп ұстау, қорғау және пайдалану тәртібін, тазалықты қолдау, аумақтар мен көшелерді тазалау, жасыл желектерді күтіп ұстау, қорғау және шығарып тастау тәртібін, сондай-ақ, заңды және жеке тұлғалардың осы мәселедегі құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін анықтайды.

**1-тарау. Негізгі ұғымдар мен анықтамалар**

1. Көріктендіру адамның қала аумағында қауіпсіз, жайлы және ыңғайлы ортасын қамтамасыз ететін элементтері мен жұмыс кешені. Бұл жұмыс кешені көріктендірудің нысаналары мен элементтерін ұйымдастыру, күтіп ұстау, пайдалану, жөндеу және қорғауды келесі негізгі бағыттар бойынша қамтиды:

- 1) инженерлік көріктендіру;
- 2) сыртқы әсемдік көріктендіру;
- 3) санитарлық көріктендіру;
- 4) көгалдандыру.

2. Бөлінген аумақ - жергілікті атқарушы органның шешіміне сәйкес жер пайдаланушының жеке меншігіне немесе жер пайдалануға, оған қарасты нысаналарды (ғимараттар, имараттар, құрылыстар) орналастыру үшін берілген ж е р у ч а с к е с і .

3. 3-тармақ алынып тасталды - Қостанай облысы Қостанай қалалық мәслихаттың 2008.10.30 № 131 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қ а р а ң ы з ) ш е ш і м і м е н .

4. Жасыл желектер - қала аумағының оларға арнайы бөлінген алаптары мен учаскелерінде (қалалық бақтар, парктер, бульварлар, көше және квартал көгалдандыру, гүлзарлар, газондар) орналасқан ағаштар, көшеттер.

5. Жер пайдаланушы - мақсаттары мен меншік нысандарына қарамастан, қала шеңберіндегі жер учаскелерін пайдаланушы заңды немесе жеке тұлға.

6. Инженерлік желілер және имараттар - қала аумағының бетіндегі суларды жинау және бұру үшін, қала халқы мен кәсіпорындарының мұқтаждарына кешенді қызмет көрсету үшін арналған қаланың инженерлік көріктенуінің

7. Шағын сәулеттік нысандар - әрі сәндік, әрі утилитарлық сипаттағы көлемі жағынан салыстырмалы түрде шағын нысаналар:

1) сәндік имараттар - мүсіндер, фонтандар мен сәндік су қоймалары, стелдер, барельефтер, гүлге арналған сауыттар, тутұғырлар және тағы басқалар;

2) утилитарлық сипаттағы имараттар - күркелер, павильондар, дүңгіршіктер, сауда арбашалары, телефон және сауда автоматтары, аттракциондар, орындықтар, қоршаулар, урналар, көшелердің, үйлердің және жарнамалардың кестешелері, пошта жәшіктері және тағы басқалар.

8. Жапқыш (тент) - тасымалданатын сусымалы жүктердің жолға шашылуын, құлауын, себілуін алдын алуға арналған арнайы құрал.

9. Құрылыс салынбаған аумақ - негізгі жобалау нормаларын қолдануды шектейтін, жер үсті және жер асты құрылыстарының барлық түрлері жоқ аумақ.

10. Қоғамдық орындар - жалпы пайдаланатын демалыс аймақтары (парктер, жағажайлар, саябақтар), алаңдар, көлік аялдамалары.

11. Көше - жолдың жүргінші бөлігі, тротуарлар, жасыл желектер, жер асты және жер үсті инженерлік желілер орналасқан қалалық аумақ.

## 2-тарау. Жалпы ережелер

12. Кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, меншік нысанына және ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды тұлғалар және азаматтар көріктендірудің ережесін ұстануға, қала аумағында тазалықты және тәртіпті қамтамасыз етуге, ғимараттар мен имараттардың оңды жағдайда ұстауға міндетті.

12-1. Белгіленген орындардан тыс жарияланымдар, афишалар, үндеухаттар, хабарлама қағаздарды жапсыруға, сондай-ақ құрылыстан бос көшелердің көлікпен және жаяу жүру бөлігін және жалпы пайдаланатын басқа орындарын қоқыстың кез-келген түрлерімен, оның ішінде үндеухаттармен, үгіттік материалдармен ластауға жол берілмейді.

Ескерту. 2-тарау 12-1 тармақшамен толықтырылды - Қостанай облысы Қостанай қалалық мәслихатының 2005.10.21 № 182 (26.10.2005 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

13. Жеке және заңды тұлғалар сәулеттік және санитарлық талаптарға сәйкес бөлінген аумақтарда тазалық пен тәртіпті сақтау қажет, атап айтқанда:

1) тұрғын үйді, мәдени-тұрмыстық, әкімшілік, өнеркәсіп және сауда ғимараттарын, вокзалдар, бақтар, парктер, саябақтар, аллеяларды және басқа да жасыл желектердің орындары;

2) көшелер, алаңдар, жолдар, аулалар, тротуарлар, демалыс аймақтарын,

базарлар және оларға іргелес аумақтарды, автомотокөлік аялдамаларын;

3) қашалар, қоршаулар, газондық қоршауларды, жарнаманың барлық түрлері және жарнамалық қондырғыларды, ғимараттар мен ескерткіштерге сәндік сәуле шашу қондырғылар, маңдайша жазулар, витриналар, жаймалар, жолаушы көлігінің аялдамасындағы павильондар мен отыру алаңдарын, көше жарықтандыру фонарларын, әр түрлі тіреу бағандарды, бақтардағы, парктердегі және бульварлардағы орындықтарды, урналарды, көше атауының көрсеткіштерін, көлік, жолаушылар аялдамаларын, үйдің нөмірлік белгілерін, мемориалдық тақталарды, трансформаторлық қондырғыларды;

4) жол құбырларын, су құбырларын, көшелердің, алаңдардың жол төсемдерін, көше қозғалысын реттейтін белгілерді, телефон үйшіктерін, радио хабар жүргізетін қондырғыларды, антенналарды, диспетчерлік қызметтің сәйлесу қондырғыларын, сондай-ақ басқа гидротехникалық, инженерлік-техникалық және санитарлық қондырғыларды;

5) аула аумағын тазалықта ұстауға. Оларды жинау, үнемі сыпыру, суару, қар мен қоқысты белгілеген жерге шығару керек;

6) жасыл желектерді ұқыпты сақтауға, толық кешенді агротехникалық шараларды жүргізуге, суаруға, қуарған шыбықтарды кесуге, қиып тастауға, ағаштардың түптерін тазарту және әктеуге, ағаш түптеріндегі өсімдіктерді жоюға, тыңайтқыштар енгізуге, жас ағаштардың түп айналасын түптеуге, жараларын дезинфекциялауға және сылап бітеуге, сондай-ақ арам шөптерді (повишкалар, амброзилар, жусандар) жою бойынша механикалық өңдеуді жүргізуге;

7) жыл сайын сәуір-мамыр айларында табиғи-климаттық жағдайға байланысты аумақты тазарту айлығын өткізуге.

8) жеке қаражат есебінен немесе келісімдер орнату бойынша тұрмыстық қалдықтарды уақытылы жою.

**Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Қостанай қалалық мәслихатының 2008.10.30 № 131 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.**

14. Әрбір меншік субъектісімен көшелер мен жол қиылыстарын тазарту жүргізіледі: ұзынынан - иеліктегі үй аумағының бойына, көлденеңінен - екі жақты құрылыс болса, олардың ортасына дейін, бір жақты құрылыс болса, барлық көлденеңіне.

Қоғамдық автокөліктер қозғалысындағы жол кездemesін, көшелерді, жол қиылыстарын, алаңдарды, парктерді тазарту кәсіпорындармен белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

15. Кәсіпорындар, ұйымдар басшылары, меншік нысанына қарамастан, жеке көліктің жүргізушілері міндетті:

1) автокөлікті қала көшелеріне шығарғанда санитарлық-гигиеналық

нормалардың және экологиялық талаптардың толық сақталуын қамтамасыз етуге ;

2) жол кездемесін және атмосфералық ауаны ластанмай, автокөліктің техникалық жарамдылығын қамтамасыз етуге.

3) шашылатын, шаңдайтын және басқа да ластайтын жүктерді тасымалдағанда міндетті түрде жапқыш (тент) пайдалану керек.

16. Санитарлық, гигиеналық және экологиялық талаптарға сай емес, қоршаған ортаның ластануын туғызатын, сондай-ақ сыртынан механикалық зақымдалған автокөліктер мен басқа да механикалық құралдарды қала аумағына шығаруға және пайдалануға тыйым салынады.

17. Тұрғын үй құрылысына қарсы орналасқан автобус аялдамалары мен такси тұрақтарының аумағын тазалау осы аумақтарды тазалау үшін бекітілген тиісті коммуналдық қызметтерге, кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдарға, жалгерлерге және құрылыс салушыларға жүктеледі.

18. Автобус және троллейбус аялдамаларын тазалау бекітілген ережеге сәйкес тек қана жүк тасымалдаушылармен жүзеге асырылады.

19. Қоғамдық орындар мен құрылыс салынбаған аумақтар санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкес тазартылады.

20. Аумақты жоспарлы-жүйелі тазалауды қалдықтарды жоюды жүргізетін ұйыммен және санитарлық эпидемиологиялық қызметі мекемесімен келісіліп құрастырылған келісім-шарттар кестелер бойынша жүргізу керек.

21. Әкімшілік және өнеркәсіп ғимараттарында, сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында, көріністік мекемелерінде, тұрғын үй құрылысының аумағында автомобиль көлігі тұрағының орындары жабдықталуы қ а ж е т .

Газондарда, саябақтарда және басқа да жасыл желектер орындарында, тұрғын үйлердің жалпы пайдаланатын жерлерінде, дүкендердің, дәріханалардың, базарлардың, қызметтік ғимараттардың маңында көлік құралдарының тұрақтарын тұрғызуға және кіруіне тыйым салынады.

22. Автокөлік кәсіпорындарының, базалардың, қоймалардың, құрылыс алаңдарының, зауыттардың және басқа да объектілердің басшылары мыналарды қ а м т а м а с ы з е т е д і :

1) аумақты қатты жол төсеммен жайластыру және қоршауын, кірме жолдарын , көліктің бұрылуы үшін алаңдарды жарамды ұстауын. Шығу және ішкі құрылыс жолдарының қатты төсемі болуын және шаң мен кірдің берілген және бекітілген аумақтың шегінен шығарып тасталмауын;

2) құрылыс учаскелерін, объектілер құрылысында істеп жатқан жол құрылысы мен жүк машиналарының борт және жүретін бөліктерін бөлшектеп жуатын, арнайы пункттермен (алаңшалармен) жабдықтау.

23. Автокөлік құралдарын тұрғын үй кварталдарында және жалпы пайдаланатын жерлерде жууға тыйым салынады. Автомобильдерді, мотоциклдерді және басқа да көлік құралдарын су айыратын колонкалардың, өзендер мен су қоймаларының жағажайларында, су қорғаушы жолақтардың, адамдардың жаппай демалу орындарында, тұрғын үйлердің кірме жолдары алдында жууға тыйым салынады.

### **3-тарау. Қала аумағында шағын сәулет нысандарын орнату және күтіп ұстау тәртібі**

24. Сыртқы көркейтудің барлық элементтері, соның ішінде, ғимараттардың қасбеттерін өңдеу қала аумағына құрылыс салудың тәртібін анықтайтын ережеге сәйкес орындалуы қажет. Сауда және қызмет көрсету саласы кәсіпорындарының қасбеттері жарықтануы қажет.

25. Қала аумағында шағын сәулеттік нысандарды орнатуға және құруға сәйкес қалалық қызметтердің келісімінен кейін ғана жол беріледі.

26. Барлық шағын сәулеттік нысандар оңды жағдайда ұсталуы тиіс.

27. Тұрғын үй, қызметтік, өндірістік және әкімшілік ғимараттар мен имараттардың иелері көшелердің көрсеткіштері мен нөмірлік белгілерін оңды жағдайда күтіп ұстауға міндетті.

28. Меншіктің барлық нысандарындағы заңды тұлғалардың ғимаратқа кіре берісінде мемлекеттік және орыс тілдерінде заңды тұлғаның атауы болуы және олардың тиісті жағдайын қамтамасыз етуге міндетті.

### **4-тарау. Инженерлік желілер, имараттар және коммуникацияларды күтіп ұстау тәртібі**

29. Қарамағында инженерлік коммуникациялары бар заңды және жеке тұлғалар қала көркіне нұқсан келтірілуі мүмкін, инженерлік желілер мен имараттардың техникалық жағдайын үнемі қадағалап отыруға міндетті, нақты айтқанда :

- 1) аумақтың су басуын жібермеу;
- 2) бөлінген және қорғалынатын аймақтардың санитарлық жағдайын, люктердің, құдықтардың қақпақтары қатты жол төсемнің деңгейінде жатуын және оңды жағдайда ұсталуын қадағалауға;
- 3) монтаждау, қайта төсеу және пайдалану ережесін сақтамау салдарынан бұзылуы мүмкін, жер асты желілерінің үстіндегі қатты немесе грунттық жол төсемдерінің жағдайын қадағалауға.

30. Қатты жол төсемді аумақтарды қайта жөндеу немесе күрделі жөндеуін жүргізу, белгілерді, құдықтарды, люктерді, инженерлік желілерді талаптарға

жеткізу жұмыстары тапсырушының есебінен өндіріледі.

31. Ғимараттар, имараттар және жер асты коммуникациялары құрылысына техникалық құжаттарды әзірлегенде жобалаушы ұйымдар құрылыс учаскелеріндегі ағаштар мен көшеттердің мүмкіндігінше көп сақталуын қамтамасыз ететін жұмыстарды ұйымдастыру тәртібін әзірлеуге міндетті.

## **5-тарау. Аумақты қысқы мерзімде күтіп ұстау және тазалау**

32. қардан тазалау қар түскеннен бастап басталуы және өрлеуді болдырмау үшін қыс мерзімі біткенге дейін үздіксіз жүргізілуі қажет. Жаңа түскен қарды автобус аялдмасынан басқа барлық көшелер мен алаңдарда жалға салуға және үйіп жинауға рұқсат беріледі, қар түсіп біткеннен кейін, олар белгіленген орындарға жедел түрде тасып шығарылуы керек.

Жол өтімдерін тасалауға, өсіп тұрған газондарға қар мен мұзды төсеуге, көшелер мен алаңдардың жасыл желектер өсіп тұрған жерлерін роторлық қар тазалағыштармен тазартуға тыйым салынады.

33. Шатырларды қардан тазалау және карниздердегі, шатырлардағы және су ағатын құбырлардағы қар бұлттықтарын алу ғимараттар мен имараттар иелерінің және жалгерлердің өз күштері мен қаражаттарымен жүргізіледі, олар жаяу жүрушілермен бақытсыз жағдайды болдырмау және ауа желілеріне, жарық шамдарына, жасыл желектерге зақым келтірмеу үшін сақтану шараларын міндетті түрде орындау қажет.

Шатырдан тасталған қар жедел тасып шығарылуы қажет.

34. Көшелер мен алаңдардың жүру бөліктеріне, көпірлерге, жол қиылыстарына, көтерілетін және төмен түсетін жолдарға механикаландырылған құм төгу коммуналдық кәсіпорындардың мамандандырылған қызметтерімен жоспарлы тәртіпте жүргізіледі.

35. Пәтер иелерінің кооперативтері, үй басқармалары, кәсіпорындар, мекемелер, қоғамдық ұйымдар және меншіктің басқа да нысандарындағы кәсіпорындар мен тұлғалар, жалгерлер коммуналдық шаруашылықтың арнайы техникасы бар мамандандырылған қызметтерімен механикаландырылған тротуарларға, алаңдарға және басқа да адамдар өтетін және жиналатын орындарға құм төгуге келісім-шарт жасасуға немесе осы жұмыстарды өз күштері мен қаражаттарымен жүргізуге міндетті.

Жер пайдаланушылар бөлінген және бекітілген аумақтарында тайғанаққа қарсы шараларды (мұз бен қарды ою, тайғанақ жерлерге инертті немесе ұқсас материалдар төгу) қарастыруға міндетті.

## 6-тарау. Қала аумағын жарықтандыру

36. Қала аумағын жарықтандыру сыртқы жарық қондырғылары арқылы қамтамасыз етіледі. Сыртқы жарық қондырғыларына жататындар:

- 1) электрмен жабдықтау құрылғысы, қоректендіретін желілер, қоректендіру пункттері, тарататын желілер;
- 2) қорғау құрылғысы және жерге қосылған электр желілері;
- 3) басқару құрылғысы;
- 4) тіреуіштер, арқанды салпыншатардың тіректері.

37. Тіректер техникалық құжаттамалармен сәйкес жол желіндегі көшелердің көлік магистральдарының орналасады.

38. Көшелер мен жолдардың қиылысқан жерінде тіректер сәйкес радиустарда тротуардың дөңгеленген жеріне дейін орналасады. Аллея мен жаяу жүрушілердің жолдарындағы тіректер жолдың жаяу жүруші жүрмейтін бөлігінде, яғни газондарда, ағаштардың қатарында орналасады.

39. Ғимарат жанында орналасқан тар жолдар, тротуарлар мен алаңдар, ыңғайлы болса, ғимарат қабырғасына орналасқан шамшырақтар арқылы жарықтандырылады.

40. Сыртқы жарық қондырғыларына қызмет көрсету және күтіп ұстау келесі шарттарды қамтиды:

- 1) сыртқы жарықтандыру құрылғыларын сан және сапа көрсеткіштері берілген өлшемге сәйкес, соның ішінде, шамшырақтардың таратушыларының істен шыққандары мен шамдарын ауыстыру, шамшырақтарды тазалау, жарықтандырудың деңгейін өлшеу, техникалық оңды жағдайда ұстау;
- 2) жарықтандыру құрылғыларының атқарушы өкіметтің жергілікті органының шешімімен бекітілген регламенттегі жұмыс режимін қамтамасыз ету, кесте бойынша қазіргі қосуды бақылау, бөлшектеп немесе толық ағыту, жанбайтын шамшырақтарды, ақауларды табу және оларды шұғыл түрде жою.

41. Жарықтандыру құрылғыларының жағдайын және шамшырақтардың жану пайызын анықтау үшін екі жетіде бір бақылау тексерістері өткізіледі.

42. Сыртқы жарықтандыру қондырғыларының металл тіректері, тіреуіштері және басқа да элементтері жабынының жағдайына байланысты кемінде үш жылда бір сырланады.

43. Витриналарды жарықтандыру үшін, әдетте, люминесценттік шамдар алынады. Қосымша бағытталған жарық беру үшін қызуы қатты шамдар пайдаланады.

44. Жарқағаздарды, стендтерді, витриналарды жарықтандыруда жарық аспаптарын, жарықтанған беттен шағылысқан толассыз жарықтың айналы құралымы қарап тұрған адамның көзіне түспейтіндей, орналастыру керек.



45. Жаяу адамның, жүргізушінің көзіне шамдардың тіке жарығы түспеуі үшін жарықтандыру аспаптарының қорғаушы бұрышын ескереді немесе арнайы экранды торлар орнатылады.

## **7-тарау. Қала аумағындағы құрылыстарды бөлу және бұзу**

46. Аумақты көне және тозығы жеткен құрылыстардан тазарту жұмыстарына, қолданыстағы заңдармен сәйкес, осы процедуралардың орындалуының заңдылығын заңды түрде қамтамасыз еткеннен кейін кіріседі.

47. Көрсетілген жұмыстарды машина мен механизмдерді жұмылдырып, кәсіптілігі сәйкес жұмысшылар атқарады.

48. Құрылысты толық немесе бөлшектеп бөлу немесе оларды бұзу қайта пайдалануға лайықты деп танылған бөлек конструктивті элементтерді алғаннан кейін басталады. Құрылысты бөлшектеп бөлгеннен кейін ғана алуға келетін элементтерді, бөліп жатқан кездегі заңымдануынан сақтау керек.

49. Ғимаратты бұзуды жылыту құралдары мен желдеткішті, санитарлық-техникалық және орнатылған электр жабдықтарын, радио мен байланыс жабдықтарын, газбен қамту жабдықтарын бұзып алудан бастау керек. Алып тастауға болмайтын сымдар, тіреулер мен ажыратқыштар бөлшектерге б о л і н у і к е р е к .

50. Ғимараттың алуға келетін, әрі қарай пайдалануға болатын бұйымдары, қоршаудың металл элементтері, еденнің бөліктері тағы басқалар бір мезгілде а л ы н у ы к е р е к .

51. Бөлшектенетін ағаш құрылыстарын бұзып, кейін пайдалануға жарайтын құрама элементтерін талдау керек. Әрбір жиналмалы құрама элементті бұзған жағдайда алдын ала тұрақты бекітілуі керек.

52. Одан әрі пайдалануға жарайтын құрылыс тасының сынығы ағаш немесе металл бөлшектерінен ажыратылуы үшін електен өтуі керек.

53. Тұтас темірбетон және металл құрылыс жайлары жалпы құрылыстың тұрақтылығын қамтамасыз ететін бұзудың арнайы схемасы бойынша бұзылуы керек. Темірбетон блогының немесе металл элементінің салмағы кранның жүк көтергіштігінің жартысынан аспауы керек. Блокты бөлшектеуді арматураны ашудан бастау қажет. Босатылған соң металл элементтерді кесу керек.

54. Құрамды темірбетон құрылысы монтаж сұлбасына қайшы, бұзу сұлбасы бойынша бөлінуі керек. Алуды бастаудан бұрын, элемент байланыстардан б о с а т ы л у ы қ а ж е т .

55. Элементтік бөлшектенуге жарамайтын жиналмалы темірбетонды конструкциялар монолитті сияқты бөлшектенуі керек.

56. Қажет жағдайда ғимараттардың және имараттардың жер асты бөліктері бөлек арнайы учаскелері мүмкіндіктеріне зерттеледі. Зерттеу қорытындысы бойынша оны бұзу әдісін анықтауға болады.

57. Бұзылатын фундаментті алғашқы құйылған жерін ашудан бастау керек. Қаланған фундаментті экскаватор немесе соғуға бейімделген заттың көмегімен бұзу керек. Бутобетон және бетон фундаменттер бейімделген ұрғыштардың немесе жарылғышпен сілку арқылы сындырылып, сынықтары шығарылады. Темір-бетон фундаменттерді арматурасынан жалаңаштап кесіп, соңынан блоктарға мүшелеп бұзады.

58. Ғимараттар мен коммуникациялардың траншеялары мен жер асты бөлігінің котловандарының ені 3 метрден асатын болса, қабат-қабатталып, тығыздалып жабылады.

59. Құрылысты бөлшектегеннен немесе бұзғаннан кейін, құрылыс қалдықтары (қоқыстар) қаланың қатты тұрмыстық қалдықтар полигонына тасып шығарылады, ал учаске қайта қопсытылады.

## **8-тарау. Жасыл желектерді күтіп ұстау, қорғау және шығарып тастау тәртібі**

60. Жасыл желектер маңызды сауықтыру факторы және қаланың көркі болып табылады, оларды қорғау және күтіп ұстау меншік нысанына қарамастан, әрбір кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның, әрбір азаматтың міндеті.

61. Қостанай қаласында заңды тұлғалардың, меншік нысанына қарамастан, және жеке тұлғалардың шаруашылық қызметінің нәтижесінде жасыл қорды мүмкіндігінше барынша сақтау Қостанай қаласын көріктендірудің негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

62. Кәсіпорындар, ұйымдар және жеке тұлғалар (бұдан әрі тапсырушы деп аталатын) құрылыс, жөндеу, және басқа да жұмыстарды жүргізу кезінде міндетті:

1) жасыл желектерді зақымданудан қоршауға алуға, жеке желектерді сынуынан немесе зақымдануынан қорғау үшін қораптарға салуға;

2) қала жолдарына, тротуарларына, өткелдеріне, алаңдарына қатты материал төсеген және асфальттаған кезде жасыл желектердің айналасында оңтайлы ашық топырақты кеңістік құру мақсатында, мөлшері 1\*1 метр қоршаумен шектелген, ағаш түбінен қуыс қалдыруға;

3) жасыл желектер орналасқан аймақтарда жолдарды, тротуарларды құрған және қайта тұрған кезде тік белгілерді жоғарылатқанда немесе төмендеткенде 5 сантиметрден артық өзгертуге болмайды. Егер түпкі жүйені жалақаштаудан басқа амал болмаған жағдайда, жобаларда жасыл желектің дұрыс өсу жағдайын сақтауға арналған құрылғыларды ескеру керек;

4) салынып жатқан объектілерге кірме жолдарын тартқанда желектердің орындарын ескеріп, жасыл желектердің бар қоршауларын бұзбау керек.

63. Құрылыс салуға немесе басқа жұмыстар жүргізуге бөлінген учаскелерде жасыл желектерді сақтау мүмкін болмаған жағдайда жасыл желектерді шығарып тасталынады. Жасыл желектерді шығарып тастағанда ескеріледі:

1) Жасыл қор нысаналарының шағынан қорғайтын, желден қорғайтын, газға тұрлалылық және фитонцидтік қасиеттері;

2) негізгі биометриялық көрсеткіштері - өсімдіктің биіктігін, олардың қабығының енін, ұзындығын және қоюлығын;

3) қала нысаналарының сәнділігіне және әсем ресімделуіне әсерін;

4) осы аймақта сауықтыру әсерін.

64. Жасыл желектерді шығарып тастауды талап ететін жұмыстарды жүргізгенде тапсырушы міндетті:

1) жасыл желектерді шығарып тастауға, басқа жерге отырғызуға немесе кесуге рұқсат алуға. Рұқсатты жергілікті атқарушы органымен уәкілетті орган береді. Қостанай қаласының жасыл қоры жөніндегі комиссияның оң қорытындысы рұқсат беру үшін негіз болып табылады.

2) Жасыл желектерді шығарып тастауды, қайта отырғызуды немесе кесуді өз күшімен және қаражатымен жүргізуге немесе осы жұмыстар түрін жүргізуге лицензиясы бар мамандандырылған ұйыммен келісім-шарт жасасуға.

65. Жасыл желектерді шығарып тастауға рұқсат алған жағдайда тапсырушы жасыл желектерді бағалауға лицензиясы бар ұйымдармен келісім-шарт жасасады , ақша қаражаттарын (шығарылған жасыл желектердің құнын) жергілікті бюджетке аударды .

66. Жасыл желектердің аумағында тыйым салынады:

1) құрылыс материалдарын, жер, көмір және басқа заттарды жинауға, газондарды, гүлдер егілген жерлерді, ағаш шұңқырларын ластауға;

2) газондарда жүруге, ағаштарды, көшеттерді сындыруға немесе кесуге, басқа да механикалық зақымдар келтіруге;

3) көшелерді, алаңдарды, тротуарларды тазалау мақсатында жасыл желектер үшін тұз және басқа зиянды заттар қолдануға;

4) гүлдерді жұлуға, жемістерді үзуге, мал бағуға, жер, құм өндіруге;

5) жасыл желектерді өнеркәсіптік лайсумен және басқа тастамалармен ластауға ;

6) бақ мүліктері мен жабдықтарын (орындықтарды, урналарды, шартақтарды, газон торларын) бүлдіруге ;

7) автомашиналармен, мотоциклдермен, велосипедтермен, басқа да көлік құралдарымен жүруге (арнайы көліктен басқа);

8) газондар мен тірі қашалардың маңында жолаушылар көлігінің аялдамасын

о р н а т у ғ а ;

- 9) газондарда автокөлік құралдарын қоюға және тұрағын орнатуға;
- 10) от жағуға, өртке қарсы басқа да тәртіптерді бұзуға;
- 11) ағаштарға электрсымдарын, тікенек сымдарды, алтыбақандарды, киімдерді кептіру үшін жіп байлауға, жазулар жазуға;
- 12) агрономиялық белгіленген мерзімдерден тыс, сәйкес қалалық қызметтермен келісілген кесу тәртібін сақтамай ағаштардың басын кесуге;
- 13) ағаш және бұта көшеттерін өз еркімен кесуге;
- 14) өз бетімен қашалар орнатуға;
- 15) ойындар: футбол, волейбол, городки және басқа ойындар (бұл мақсат үшін арнайы бөлінген орыннан басқа) ұйымдастыруға;
- 16) жабайы және мәдени флораның гүлдерін жуашықтарымен және тамырларымен қазып алуға.

67. Жер пайдаланушылар, оларға берілген аумақтарда жасыл желектерді өсіп-өндіруге және қорғауын қамтамасыз етуге міндетті.

## **9-тарау. Қала аумағында жер қазумен байланысты жер жұмыстарын жүргізу тәртібі**

68. Жер асты коммуникацияларын салумен байланысты жұмыстарды жүргізуді жоспарлаушы барлық заңды және жеке тұлғалар міндетті:

1) жыл сайын 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде, келесі жылға өткізілетін жоспарлы жұмыстардың айын, түрін және мерзімін көрсетіп, өтінім беруге. қаланың шағын аудандар аумағындағы жоспарлы жұмыстар туралы тиісті қызметтерге өз уақытылы ақпарат беруге;

2) жер асты желілерін жөндеу уәкілетті органдардан жер жұмыстарын жүргізу құқығына рұқсат (ордер) алғаннан кейін ғана жүргізіледі;

3) ғимараттарды, имараттарды, коммуникацияларды қайта құру және жөндеу кезінде құрылыс нормаларының талаптары мен нысаналарды қоршау жөніндегі тәртіптерді сақтау;

4) артық грунт пен құрылыс қоқыстарын өз уақытылы шығарып тастауын қамтамасыз ету;

5) бұзылған жол төсемдері мен аула аумақтарын қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды өз уақытылы жүргізу, құрылыс және жөндеу аяқталғаннан кейін қазба орындарын, сонымен қатар құрылыс алаңдарын тәртіпке келтіруде қажетті шараларды қабылдау.

69. Жер асты коммуникацияларының құрылғысымен және жөндеуімен байланысты жұмыстарды жүргізгенде тыйым салынады:

- 1) қандай да бір жер үсті құрылысы мен имараттарын ығыстыру;

2) жол төсемдерін артық бұзу және жұмыстарды сәйкес рұқсатсыз (ордерсіз) ж ү р г і з у ;

3) тротуарларда, жолдың жүретін бөлігінде және газондарда тартып алынған грунты, құрылыс материалдарының қалдықтарын, қоқысты қалдыруға, құдық пен нөсер канализациясының қақпақтарын көміп тастауға;

4) жұмыстардың рұқсат қағазда (ордерде) көрсетілген мерзімдері мен шарттарын бұзуға.

## **10-тарау. Жер пайдаланушының міндеттері**

### **70. Жер пайдаланушы міндеттері:**

1) бөлінген және бекітілген аумақтарды, инженерлік желілер мен олардың элементтерін (құдықтар, люктер, торлар, бағаналар, насос, жылу пункттері, трансформаторлық шағын станциялар) санитарлық нормалармен белгіленетін тиісті санитарлық жағдайда ұстау;

2) қалдықтарды жинау және сақтау үшін қатты жол төсемі бар арнайы жабдықталған алаңдардың болуы;

3) сұйық қалдықтарды жинау үшін санитарлық нормаларға сәйкес, қазылған ш ұ н қ ы р д ы н б о л у ы ;

4) қалдықтарды жерлеу жөніндегі полигонға (қалалық қоқыс төгетін жер) қалдықтардың шығарылуын және көмілуін қамтамасыз ету;

5) өз аумағында қажет болса дезинфекция мен дератизация жүргізу ( шыбындарды, тарақандарды, масаларды, тышқандар мен егеуқұйрықтарды жою ү ш і н ) ;

6) бөлінген аумақтың шегінен құрылыс қоқыстарының, топырақтың және лас машиналар мен құрылыс механизмдерінің қала көшелеріне шығуына жол бермей, өздерінің құрылыс алаңдарына және қатты жол төсемі жоқ басқа нысаналарына апаратын кірме жолдарының тиісті жағдайда ұсталуын қамтамасыз ету.

### **71. Жерді пайдаланушыға мыналарды жасауға тыйым салынады:**

1) құрал-жабдықтарды, тараны, шикізатты, құрылыс материалдарын бөлінген аумақтан тыс жерге жинап қою;

2) от жағу, қоқысты, түскен жапырақтарды, шыбықтарды, өндіріс қалдықтарын қала аумағында жағу;

3) қоршаған ортаға зиян келтіретін тазалау әдістерін қолдану.

## **11-тарау. Осы Ережелерді бұзғаны үшін жауапкершілік**

72. Осы Ережелердің талаптарын бұзғаны үшін әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес жауапкершілікке тартылады.

М ә с л и х а т ы н ы ң

2003 жылғы 13 маусымдағы

№ 254 шешіміне № 1 қосымша

## **Қостанай қаласын көріктендіру мәселелері жөніндегі комиссияның дербес құрамы**

**Ескерту. 1-қосымшаға жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай қалалық мәслихатының 2005.06.24 № 155 (06.07.2005 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

|                               |                                                                                                                                                                          |
|-------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Солодов Валерий Григорьевич   | - "Қостанай қаласы әкімиятының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы, комиссия төрағасы   |
| Юнусов Абай Мағауияұлы        | - "Қостанай қаласы әкімиятының қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары                            |
| Сырцова Мария Михайловна      | - "Қостанай қаласы әкімиятының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бас маманы, комиссия хатшысы |
| <b>Комиссия мүшелері:</b>     |                                                                                                                                                                          |
| Герасимов Юрий Петрович       | - "Қостанай облысының табиғи ресурстары және табиғатты пайдалануды реттеу департаменті" мемлекеттік мекемесінің бөлім бастығы                                            |
| Жүсіпбеков Саят Балжанұлы     | - "Қостанай қаласы әкімиятының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бас маманы                                                                                |
| Ким Владимир Арсентьевич      | - "Қостанай қаласы бойынша мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары                                      |
| Нәбиев Жинибек Сұрғалиұлы     | - "Қостанай облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бас маманы                                                                      |
| Перистова Наталья Анатольевна | - "Қостанай қаласы әкімиятының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бас маманы                   |